

«*АА*» 09 2023 ж.
№ 134 хатқа
қосымша

«М. ӘУЕЗОВ ТАҒЫЛЫМЫ» ҚАЛАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2023 жылдың 27 қазан күні «М. Әуезов тағылымы» қалалық әдістеме-тәжірибелік конференцияға (бұдан әрі – конференция) қатысуға шақырамыз.

Конференцияға тақырыптар мен талаптарға сай әдістемелік, тәжірибелік нәтижелері бар орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтері (Т1) қатыса алады.

Мақсаты: Жазушының әлемдік әдебиет пен мәдениетке, ғылымға қосқан үлесін, ұлылығын дәріптейтін педагогтердің жазушы шығармаларын оқыту әдістемесін, тәжірибесін тарату.

Міндеттері:

- педагогтердің әлеуметтік, кәсіби өсуіне қолдау көрсету;
- педагогтің танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насихаттау және тарату;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін, ой өрісі биік, парасатты өзіндік авторлық, ғылыми-әдістемелік шеберлігі қалыптасқан педагогті анықтау;
- педагогтердің М. Әуезов шығармаларын оқытуда жаңашылдығын анықтау;
- М. Әуезов шығармаларын заманауи талаптарға сай оқыту;
- мұғалім кәсібінің мәртебесін көтеру.

Конференция ұйымдастырушысы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

Өткізу тілі: қазақша.

Конференцияның өту уақыты: 2023 жылдың 27 қазан күні, сағат 15.00-де.

Конференцияға ұсынылған жұмыстар берілген тақырыптарға мазмұндас келуі тиіс:

- «М. Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі»;
- «Білім беру мазмұны шеңберінде М. Әуезов еңбектерін оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің жолдары»;
- «М. Әуезовтің педагогикалық идеялары»;



- «М. Әуезов шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру»;
- «М. Әуезов шығармаларындағы ұлттық құндылық»;
- «М. Әуезов шығармаларын заманауи талаптарға сай оқытудың әдіс-тәсілдері».

Конференция талаптары:

Конференция материалдарын қатысушы 20 қазанға дейін 1-қосымшаға сәйкес Өтінімді және негізгі талаптарға орындалған жұмысты shkolny_otdel_208@mail.ru электронды мектенжайына жіберуі қажет. Қабылданған жұмыстарды комиссия құрамы жұмысқа қойылатын талаптарға сай іріктеп, сараптамадан өткізеді. Сараптамадан өткен қатысушылар туралы мәлімет 25 қазан күні білім беру ұйымдарының электронды мекенжайына жіберіледі.

Конференцияға әр мектептен бір жұмыс қабылданады. Конференцияға қатысуға өтініш білдірген педагогтердің жұмысын мектепшілік әдістемелік бірлестік отырысында мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен тыңдап, іріктеп, қалалық конференцияға бір жұмысты ұсынады.

Аталған талаптарға сәйкес келмейтін немесе белгіленген уақыттан кешіктірілген материалдар қаралмайды және авторға қайтарылмайды.

Қатысушы өз жұмысының мазмұнына, сауаттылығына жауапты.

Конференцияға қатысушы педагогтің сөйлеу мәдениетіне назар аударылады (аудиториямен байланыс, дауыс дикциясы, тыңдаушыларды қызықтыра білуі). Сөйлеу регламенті – 5-7 минут.

Ескертпе: жұмыстар антиплагиатқа тексеріледі, өзіндік ерекшелік 70 пайыздан төмен болған жағдайда авторға ескерту беріледі және жұмыс қабылданбайды.

Конференцияны ұйымдастыру тәртібі:

Педагогикалық оқуды ұйымдастыру және өткізу, қорытындысын шығару үшін комиссия мүшелері құрылады.

Комиссия құрамы білім беруді басқару ұйымдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

Құрылған комиссия мүшелері жұмыстарды іріктеп, негізгі талаптарға сай жазылған жұмыстарды 27 қазан күні өтетін конференцияға жібереді. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Жұмыстың рәсімделуі:

1. Баяндама электрондық нұсқада ұсынылады. Файлдың атауында автордың тегі мен аты-жөнін және жұмыс орнын көрсетуі қажет (мысалы: М.Н. Ахметова №99 МЛ). Баяндама көлемі 5 беттен аспауы, мәтіні MS WORD редакторының форматында терілуі тиіс.

Баяндаманың жалпы көлеміне иллюстрациялар, суреттер және әдебиеттер тізімі кіреді.

2. MS WORD редакторының форматы тәртібі: қаріп – Times New Roman; Кегль – 14; жоларалық интервал – 1, шеттері: сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,0 см, жоғарғы және төменгі – 2 см, азат жол – 1,25 см.

3. Парақтың жоғарғы бөлігінде **қою қаріппен**, бас әріптермен орта тұсына баяндаманың атауы, оның астында бос орын қалдырылып, қою қаріппен ТАӘ, жұмыс орны, лауазымы, телефоны көрсетіледі. Содан кейін бос орын қалдырылып, мақала мәтіні жазылады.

4. Мәтінде тік жақшада пайдаланылған әдебиетке сілтемелер жазылып, әдебиеттер тізімі мақаланың соңында міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Жұмысты бағалау критерийлері (1-3 балл):

1. Баяндаманың әдістемелік, тәжірибелік өзектілігі мен нәтижелері, практикалық маңызы;

2. Жаңа педагогикалық технологияны, педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеруі, кәсіби құзырлығы;

3. Баяндама мазмұнының педагогикалық мақсаттарға, міндеттерге сай келуі;

4. Педагог қызметкерлердің тәжірибие барысында креативтілігі, өзіндік элементтер мен нысандарды қолдануы;

5. ҚР білім беру жүйесін дамытудың басымдықтарына сәйкестігі.

Ескертпе: *критерий бойынша, негізгі талап бойынша 80 пайыздан төмен балл алған жұмыс қорғауға жіберілмейді.*

Конференция нәтижесі:

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индексі алынғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.kz> сайтында жарияланады.

Конференцияға қатысып, тәжірибесімен бөліскен қатысушыға Сертификат (электронды) беріледі.

Қатысушы наразылық болған жағдайда комиссия төрағасының атына жазбаша шағым жаза алады. Шағым 1 күннің ішінде (24 сағат) қаралып, жауап беріледі.

Қосымша: Туындаған сұрақтар бойынша 87751178221 байланыс телефонына хабарласуға болады.

1-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға

ӨТІНІМ

Сізден қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (қатысушының аты-жөні)
«М. Әуезов тағылымы» қалалық әдістемелік-тәжірибелік конференциясына
қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Педагог туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

№	ТАӘ	Ұйым атауы	Тақырыбы	Байланыс телефоны

Мектеп директоры мөрі, қол

_____ аты-жөні _____